

САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ

- 1) Сабақты зерттеу (LS) топтарын құру.**
- 2) Зерттеу проблемасын айқындау.**
- 3) Теориялық мәселелерді шешу: ресурстарды анықтау, әдебиет оқу/танысу.**
- 4) Коучинг өткізу.**
- 5) Сабақ жоспарлау.**
- 6) Бақылау және интервью құралдарын таңдау.**
- 7) Сабақ: оқушыларды бақылау және олардан интервью алу.**
- 8) Сабақты талдау, сабақ жоспарын жақсарту, проблеманы нақтылау немесе оның басқа қырларын ашу (анықтау).**

Сабақты зерттеу (Lesson Study) топтарының ЖҰМЫС ЕРЕЖЕЛЕРІ

1) Топтарға бөлу ережесі

1. Топтарда мұғалімдердің саны 4-6 болуы керек.
2. Топтарға өз еріктерімен бөлінуі керек, ал қажетті жағдайларда озат тәжірибелі ұстаздарға жас мамандарды міндеттеуге болады (тәлімгер, тәліп).
3. Белгіленген мерзім соңында (оқу жылы, тоқсан, ай) жасалған жұмыстардың қалайша жинақталып, есеп берілетіндігі айқындалады.

2) LS проблемасын айқындау

1. Оқушылардың білім көрсеткіштерін мониторингілеу негізінде құралғаны дұрыс. Проблеманы айқындау үшін алдымен нысаналы сынып немесе оқушы туралы мәлімет деректерді жинау қажет (социаграмма, анкета, үлгерімі, білім сапасы, кіріс сауалнамасы, т.б.).
2. Зерттеу тақырыбы танымдық, эмоционалдық және қарым-қатынас ауқымында болуы керек.
3. Сыныпта сабақ беретін пән мұғалімдері, сынып жетекшісі, психолог, тәрбие орынбасарымен әңгімелесіп, сұхбат жүргізіп, басқа да проблемаларды айқындау керек (мысалы, қиын, назардан тыс қалған, пәнге қызығушылығы жоқ немесе төмен оқушыларды анықтау).

4. Сынып немесе оқушыны LS сабағынан тыс уақытта сырттай, тікелей бақылауға болады. Сол арқылы объект немесе оқушының жеке қабілетін, қызығушылығын, даму деңгейін анықтау, зерттеу.
5. Проблема SMART тұрғысынан құрылуы керек.
6. Проблема шешімін, нәтижесіналдын-ала айқындапалукерек.
7. Зерттеу тақырыбы оқушы білімін жақсартуға бағытталуы керек.
8. Іс-әрекет «ССС» ауқымында жасалуы керек.

3) Теориялық мәселелерді шешу

1. Зерттеу проблемасын теориялық тұрғыдан шешу үшін ақпарат көздерінің нақты тізімін жасау керек.
2. Әдістемелік кітап оқу күнін ұйымдастырған жөн.
3. Мұғалімдерде өздерінің оқыған кітаптарының мазмұны туралы презентация қорғату керек.
4. Мұғалімдердің теориялық білімін жетілдіру арқасында әдістемелік құралдар шығарған абзал.
5. Әр бірлестіктер ішінде пәндеріне тән оқулықтарды оқытып, «Үздік оқырман», «Менің сүйікті кітабым», «Кітап күні» байқауларын өткізіп отыруы керек.

3) Коучинг ережелері

1. Топ ішінде әркімнің ойы құнды, «ССС» қағидасы сақталуы қажет.
2. Коучинг проблемасы нақты айқындалып, проблемадан ауытқымау керек.
3. Пайдаланатын тиімді әдіс-әсілдері нақты көрсетілуі керек.
4. Жинақталған нәтиже жазбаша түрде анық, мақсатқа сай, жоғары деңгейде болу керек.
5. Алға бағыттайтын күшті сұрақтарға негізделуі керек.
6. Рефлексиялық диалог, ақылдасу негізінде ұйымдастырылуы керек.
7. Қажетті ресурстар ұсынылуы керек.

4) Сабақты бірлесе жоспарлау талаптары

1. Пән мұғалімі өз жоспар жобасын ұсынуы керек.
2. LS тобы жоспарлауға түгелімен қатысады.
3. LS тобы бір-біріне сыйластықпен қарайды.
4. LS тобының мүшелері ҚМЖ-ға өзгерістер енгізеді.

5. СЖ-да көрсетілген тапсырмалардың алдын-ала айқындалған критерийлерге сәйкестігін талқылайды:
тапсырмалардың деңгейі ескерілуі керек, тапсырмалар 3-4-тен артық болмауы керек, әдіс-тәсілдерді нақтылау керек.
6. Блум таксономиясының жоғары деңгейлерінде болуы керек.
7. Бақылауға алынатын оқушыларды айқындайды (А, В, С. деңгейлі оқушылар немесе шағын топтар нақтылануы керек).
8. LS тобы бірлесе интервью сұрақтарын дайындайды.
9. LS тобы бірлесе бақылау парақтарын дайындайды.
10. Жоспарлауды талдап, қорытындылайды.
11. Таймменеджментті нақтылау /әр әрекетке/.
12. Бағалау критерийлерін құрастыру керек.
13. Жоспарлау жұмысы ұдайы тоқтаусыз жүріп отыруы абзал: аптасына кемінде бір сабақ ұйымдастырылуы керек.
14. Кері байланыста барлық оқушыны қамту керек.
15. СЖ-2-де кері байланыс пен нысаналы оқушылардың интервьюдегі пікірлері міндетті түрде ескерілуі керек.
16. Бөлінген көшбасшылық қағидаларын ұстану керек (топ көшбасшысы, хатшы, бақылаушы), топтағы қызметтер ауыстырылып отырғаны жөн.
17. Топтың ережесін сақтау, критерийлерді анықтау.

5) Сабақтағы бақылауды ұйымдастыру ережесі

1. Бақылау парақшасы проблема ауқымында құрастырылуы керек.
2. Бақылау оқушыға кедергі келтірмеуі керек.
3. Бақылау парақшасының бір беттен аспағаны дұрыс.
4. Бақылау парақшасы сабақ барысында толтырылуы керек.
5. Бақылау барысында фото және видео жасауға болады.
6. Түсініксіз болған жағдайларда бақыланған оқушыларға сұрақ қойып, мәселені айқындауға болады.

6) Интервью ережелері

1. Интервью 3-5 сұрақтың көлемінде болуы керек.
2. Интервью 5 минуттанаспауықажет.
3. Интервью бақылауға алынған оқушылардан немесе топтан алынады.
4. Интервью парағы болғаны дұрыс.
5. Бақылау парағы бір бет көлемінен аспауы керек.

6. Оқушыдан интервью алу сыйластық, сенім, симпатия негізінде жүргізілуі керек, мұғалім ізетті, мәдениетті болуы керек.
7. Кез келген сұрақ «Не ліктен? Не үшін?» деген сұрақтармен жалғасып, нақтылануы керек.
8. Интервью сұрақтарыналдын-ала құрастыру қажет.
9. Сабаққа қатысқан LS тобына кірмейтін мұғалімнен интервью алуға болады.
10. Интервью басында сұхбаталудың мақсаты мен ережелері оқушыға жеткізу, оқушының рұқсатыналу.
11. Интервью соңында оқушыға рахмет айту.

7) Талдау

1. Талдау кезінде сабақ нәтижесінде топ мүшелері жауапты болуы керек хаттама жазылады.
2. Сабақ жоспары бойынша әрбір кезеңгешолужасауарқылы LS проблемасының шешілу деңгейін талдау жасалады (не жақсы болғанын, оның себебін, нені жақсарту керектігін, неге мән беру керектігін, қабылданған шешімнің себебін анықтау).
3. Сабақта жоспарланған әр тапсырма талқылануы керек.
4. Оқушы іс-әрекетінің орындалу деңгейі зерделенуі керек.
5. Талқылау нәтижесінде жаңа проблема туындауы керек.
6. Жаңа проблеманың шешу жолдары анықтау қажет.
7. Жаңа жоспар жасауға ұсыныстар болуы керек.
8. Коучингте қандай мәселе қаралу керектігі анықталады.
9. Мұғалімнің әрекеттері талданбайды.
10. Топтық жұмыс ережесін сақтау, критерийлерді анықтау.
11. Бір цикл (сабақтар топтамасы, тоқсан, оқу жылы) өткен соң мұғалімдер рефлексиялық сөз жазылады.

8) СЖ-ға өзгерістер енгізу

1. Пән мұғалімі СЖ-1-ді дайындайды.
 2. LS топта сабақ жоспары талқыланады, сабақ жоспары-2 құрылады.
 3. Сабақ жоспарлары топтың портфолиосына жинақталады.
 4. Жақсарған сабақ жоспары мектепте жарияланады (әдістемелік кабинетке үлгі ретінде ілінеді, мектеп сайтында жарияланады, т.б.).
 5. Талқылау барысында хатшы ұсынылған өзгерістерді сабақ жоспарына енгізіп отырады.
 6. СЖ-1 мен өзгерістер енгізілген СЖ салыстырылып, талданады.
- Қорытындылар басқа мұғалімдердің назарына ұсынылады.

9) Сабақтызерттеу (LessonStudy) топтарының жұмысын қадағалау

1. Тоқсан (немесе жыл ортасында, жыл аяғында) ықшам сабақтар өткізу.
2. Топ портфолиосымен танысу/тексеру (аптасына 1-2 топ).
3. Таныстырылым дайындау.
4. Топтар өз жұмысы туралы есеп береді.
5. Оқушылардың пікірін талдау (сауалнама, сұрау, т.б.).
6. Оқушылардың оқу сапасының көрсеткіштері (тест, бақылау жұмысы, ашық сұрақтар, т.б.).
7. Шығармашылық жұмыстар (эссе жазу, мақала, т.б.).
8. Кәсіби сұхбат (әкімшілік мүшелері аптасына 1-2 топ жұмысымен танысады).
9. Жариялау (қабырғада, чатта, Фейсбукте, т.б.).
10. LS тобының жұмысына қатысу, сараптамалық талдау жасау, кері байланыс беру.
11. LS топтары өз жұмысына сараптамалық талдау жасап, кері байланыс беру үшін кемінде екі айда бір рет басқа топтармен бірлесе жұмыс жасайды немесе сарапшы шақырып, өз жұмысына қатыстырады.
12. Қорытындылау, талдау жасау (рейтинг, кесте, баяндама, т.б.).

10) Сабақты зерттеу (Lesson Study) топтарының жұмысын қалай қолдаймыз?

1. Кәсіби сұхбат
2. Топтың іс-тәжірибесін жариялау.
3. Пайдалануға ұсыну.
4. Материалды-моралдық қолдау.
5. Біліктілігін көтеру.
6. Оқушы үнін талдау және жариялау арқылы.
7. Басқа мектептерге тәжірибе бөлісуге жіберу.
8. Марапаттау.

LS- топтарының жұмысын қадағалау (қолдау жасау)

[illegible]